

**1985-1994 жылы туған азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер , басқа да әскер және әскери құрамалар қатарына кезекті жедел әскери қызметке шақыру туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 139 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 сәуірде N 13-8-165 тіркелді. Күші жойылды ( Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 4 ақпандағы N 02.07-05-03/127 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімі аппаратының 04.02.2013 N 02.07-05-03/127 хаты)**

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңының 27-бабы 3-тармағына, 28-бабы 1-тармағына, 31-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының № 148 Заңының 31-бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Республикалық гвардиясына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігіне 2012 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімін ұзартуға құқығы жоқ немесе әскерге шақыртылудан босатылмаған және де оқу орындарынан босатылған, жасы жиырма жетіге толмаған және әскерге қызметке шақыру бойынша белгіленген уақытта өтемеген, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі еркек жыныстылар жедел әскери қызметке шақыруды ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Қызылжар ауданында тұратын азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті әскери қызметке шақырудың қоса берілген кестесі бекітілсін.

3. Селолық округ әкімдері азаматтарды шақыру учаскесіне уақытында жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. «Қызылжар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы: азаматтарды жедел әскери қызметке шақыруды өткізу уақытында 4, 5 бірліктегі қызмет көрсететін қызметшілерді жұмысқа қабылдасын.



11 сәуір	12 сәуір	1 қа	2 қа	3 қа	4 қа	5 қа	8 қа	9 қа	10 қа
уір	уір	зан	зан	зан	зан	зан	зан	зан	зан
		2				20			
		2	12						
24		8		10	10	10		26	6
		2		14					
			5						
		2			10				
				5					
					12				
		3				20			
				20					
							9		
		2					12		
6		2						6	
	19	3							20
	20	2							20
15		3						15	
		3	15						
		3	14						
					15				
		5					25		

Ескерту: шақыру комиссиясынан өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссиясының отырысы аптасына бір рет сәрсенбі сайын өткізіледі, көктемгі шақыру - 2012 жылғы 30 маусымға дейін, күзгі шақыру - 2012 жылғы 30 желтоқсанға дейін.